

Оқушылардың каллеграфиясын жақсартудың әдіс тәсілдері

Панорамалық сабақ

№26 Жамбыл Жабаев атындағы орта
мектептің бастауыш сынып мұғалімі:

Айымбетова Роза Жубаткановна



«КӨРКЕМ ЖАЗУ-ӨНЕР.

КӨРКЕМ ЖАЗУ

БАЛАНЫ ҰҚЫШТЫЛЫҚҚА,

ӘДЕМІЛІККЕ,

ЕҢБЕКСҮЙГІШТІККЕ

ЖЕТЕЛЕЙТІН ҚҰРАЛ»



Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыру, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді.

Жазу ұзақтығы 1 сыныпты 5 минут, 2 сыныпта 8 минут, 3 сыныпта 12 мин, 4 сыныпта 15 мин.

Жарық сол жақтан түсуі керек.

Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт.

Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптер де жатады.

Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек.

- ✓ Одан ұзақ жазу баланы шаршатады.
- ✓ Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн.
- ✓ Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі.
- ✓ Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады.
- ✓ Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн.
- ✓ Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т. б ұғымдарды меңгереді.

Көркем жазу пәнінің алғашқы сабақтарында оқушылардың жеке басына және мектепке қойылатын гигиеналық талаптар мен сынып жиһаздарының дұрыс орналасуы, тақта мен парта арасындағы қашықтықтың сақталуы, жарықтың дұрыс түсуі, партаның оқушы бойына сәйкес болуы немесе оның жазу кезіндегі ыңғайлылығы, оқушының партаға дұрыс отыра білуі, дәптер мен көру арақашықтығын сақтауы, жазу құралдарын тиімді пайдалануын ескеруі шарт.

Осыдан кейін осы талаптардың сабақта орындалуы, әріп формалары мен арақашықтығы біркелкі болуы ескерілуі.

Әріптің көлемі біркелкі болуы I, II сыныптарда аса назар аударылады. Мәселен, I сыныпта кіші әріптің биіктігі 4 мм, жұмыс жолының көлемі және жоғарғы сызығынан аспау керек. Бос әріптің биіктігі 8 мм, жоғарғы жағы жұмыс жолының сызығына жетпеу керек.

2 – 3 сыныптарға арналған дәптерлер арақашықтығы 9 мм болатын бір түзу сызықпен сызылған. Кіші әріптің биіктігі – 3 мм, бас әріптің биіктігі 7 мм.

Көркем жазуға үйренудің принциптері жалпы дидактикалық принциптерге сүйенеді

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.

Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н,.... қолы жаттыққаннан кейін қ. ж. б. в. ф т. с. с

Сапалылық принципі: мұғалім басына не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тез әрі ыңғайлы.

Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуын дұрыстығын тексеріп отырады.

Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі Сондықтанда жазу каллиграфиялары әр түрлі. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте нашар жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі.

Каллиграфикалық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс

Әуеде жазу. Ұстаз әріпті әуеде жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады

Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.




Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн.

Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркешін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2 - сағатында өткен өте тиімді.



Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн.

Бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Оқушының каллиграфиялық дағдысына көп әсер беретін, ол алғашқы кезде, алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезі. Әдемі сұлу жазудың фундаменті 1, 2 - сыныпта құйылады. Сол кезде жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейін жөндеу қиын болады.







Оқушының қолы неге нашар болады?

- Мұғалімнің қолының үлгісі. Оқушы ұстаздың жазуын көшіреді.
- Мұғалімнің әлеуметтік жағынан оқытудың жоқтығы. Мұғалім әр оқушыға жазудың кемшілігін, оны қалай жөндеу керектігін түсіндіріп отыру қажет.
- Әдемі жазуды қалыптастыруына мұғалім ғана емес, оқушының жеке ерекшеліктері де әсерін тигізеді.
- 1. Оқушының әдемі жазуға деген ынтасы.
- 2. Оқушының жай жазуы. Тез жазып үлгеремін деп жазу каллиграфиясын бұзады.
- 3. Нашар жазуға түрлі аурулар себеп болады: невроз, көз ауруы, ревматизм т. б. Бұл оқушыларға мұғалім жеңілдік жасау керек.

Көркем жазу үрдісін жүзеге асыру үшін жазу құралдарының (қаламсап, қарындаш, бор) көмегі керек. Бұл заттардың қолданылу жолдарын білу міндетті.

Ережесі:

- 1. Жазудың құралдарын пайдалана білу;
- 2. Дәптердің дұрыс орналасуы;
- 3. Дұрыс отыра білу;
- 4. Қолдың дұрыс қозғалысы;

Дұрыс жазу үшін:

- 1. Үлгі мен жазудың нәтижесін салыстыра білу;
- 2. Баспа әріпті жазбаша түрде жаза білу;
- 3. Әріптің дұрыс жазылуын білу;
- 4. Әріпті байланыстыра білу(үзіліссіз, жоғарғы жағынан, төменгі жағынан);
- 5. Әріптің біркелкілігін сақтау;
- 6. Сызықтар арасында және бір сызықта жаза білу;
- 7. Жазудың басталуы және бір жолды дұрыс толтыра білу;
- 8. Жазудың бағытының дұрыстығы;

Жазу жұмысын жақсарту үшін мұғалім оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын төмендегідей біртұтас арнайы талаптарды жүзеге асырады:

талаптарды жүзеге асырады:

- ✓ 1. Аса ұқыпты, түсінікті етіп жазу.
- ✓ 2. Дәптердің сыртқы бетіне жазылатын жазулардың біркелкі болуы, оның қандай мақсатқа арналғанын көрсету (қазақ тіліне арналған дәптер, ана тіліне арналған дәптер т.б.), (сынып, мектептің номері мен аты, оқушының фамилиясы мен өз атын жазып қою)
- ✓ 1 – сынып оқушыларына арналған дәптердің сыртына жазылатын жазу үлгісін мұғалімнің өзі жазады.
- ✓ 3. Шетіндегі ашық жолдарды басып жазбау.
- ✓ 4. 1 – сыныптың қазақ тілі мен математика пәні бойынша бірінші тоқсандағы жұмыстары.
- ✓ 1 – сынып екінші жарты жылдықтан бастап, сондай – ақ 1 – 3 сыныптарда жазба жұмысының арнаулы мерзімі көрсетіледі. Күн аты – араб цифрмен, ай аты жазумен беріледі. Цифрлардың соң дефис қойылмайды.
- ✓ 5. Жаттығу мен есеп нөмерлерін қою, жазба жұмысының қайта орындалғанын (сыныпта, үйде) көрсету.
- ✓ 6. Азат жолдарды сақтап жазу.

- ✓ 7. 1 – 3 сыныптарда әрбір жазба жұмысының тексін, жұмыстың датасы мен тақырыбы (аты) көрсетілген бетте азат жолдан бастап жазу.
- ✓ 8. Қазақ тілінен орындалатын жұмыстың датасы мен тақырыбы арасына жол қалдырмай жазу. Математика дәптерінде мұндай жағдайларда тек екі тор көз тастау керек. Әр күнде орындалған жұмыстан соң немесе әрбір аяқталған текстен кейін қазақ тілі дәптерінде екі жол, математика дәптерінде төрт тор көз тастап жазу (бұл – бір жұмыспен екінші жұмыстың шекарасын көрсету үшін және баға қою үшін керек).
- ✓ 9. Жазба жұмыстарында жіберілген қателерді төмендегідей тәртіппен түзету: қате жазылған әріпті не тыныс белгісін көлбеу сызықпен сызып тастау керек, қате жазылған сөз бөлігі мен сөйлемді жіңішке сызықпен сызу: сызылған таңбалардың орнына керекті әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді жазу; қате жазылғандарды жақшаға алмау.
- ✓ 10. Барлық түзету сызықтарын ұқыпты етіп қарандашпен, аса қажет жағдайда – сызғыш арқылы орындау қажет. Барлық оқушылардың қазақ тілі мен математикаға арналған дәптерлері әрбір сабақтан соң тексеріледі


Көркем жазуу үшін бірінші балаға мақтау қажет. Үнемі баланың жазуын мақтап, сенім білдіріп отыру керек.

Мысалы:

«Сенің жазуың керемет!», «Маған сенің жазуың өте ұнайды!», «Мен саған сенемін сен міндетті түрде ертең әдемі жазасың!», «Кел екеуіміз жазып көрейікші!», «Тамаша жазу!», «Азамат!», «Мәссаған неткен әдемі жазу!», «Ғажап жазу!», «Сен күннен күнге әдемі жазып жүрсің!».

Мұғалімдермен жұмыс

А а



Алма

**Қорыта келе “Ғылым қалғып кетсе,
қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман
талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс
жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор
ықпал ететіні белгілі. Қазіргі мынау заман
талабына сай ақпараттық технологиялардың
даму қарқынының басымдылығы соншама
барлық жазу үрдісі компьютермен қамтылған.
Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ
жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмау
қажет. Қарыштаған заманда біз өз қалыптасқан
көркем жазу сауаттылығын ұмытпауымыз
керек! Көркем жазу, өзіндік жазу жазбалары
сауаттылықтың нышаны.**

Құрметті ұстаздар! Оқушыларымыз
сауатсыз болмасын десек, жазу
дағдысын, көркем үлгі деңгейін
көтерейік! Оқушының жазу мәнерін
әдемі болып қалыптасуына
бастауыш сынып мұғалімдері
жауаптымыз.

Барша ұстаздарға шығармашылық
табыс, қуаныш, бақыт, денсаулық
тілеймін!

Рефлексия



Не түсіндіңіз?



Не алдыңыз? (үйрендіңіз?)



Не ұнады?



Не ұсынасыз? (тілегіңіз?)